

ҚАЗАҚ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ТІЛДІК ҚАБАТЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА

Ұлттық тіл – ауызекі және жазбаша түрдегі ұлттық қарым-қатынас құралы. Қазақ тілінің пайда болуы, дамып жетілуі қазақ халқының ұлт болуымен тікелей байланысты. Оның тарихы туыстас түркі тілдерінің даму тарихымен тамырлас, бастауын есте жоқ ескі заманнан алады.

Қазақ тілі түркі тілдер семьясының батыс ғұн бұтағына, оның ішіндегі қыпшақ тобына енеді. Туыстығы жағынан қырғыз, қырым татарлары, татар, башқұрт, қарашай, ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болып келеді.

Әйгілі түрколог Н.Баскаков түркітану ғылымында түркі тілдерінің дамуын 6 кезеңге бөліп қарастырады [1]. Түркі тілдері көне дәуір аталатын заманға дейін де алтай, ғұн дәуірі сияқты кезеңді бастан өткізген көрінеді. Өкініштісі, көшпенді тұрмыс кешкен түркі халықтарының алғашқы кезеңі, әсіресе алтай дәуірі туралы жазба дерек жоқ.

Ал ғұн дәуірі б.з.д. V ғасырдан III ғасырға дейінгі уақытты қамтиды. Бұлар жөніндегі мәліметтер басқа халықтардың жылнамаларында кездеседі, өйткені сол кездегі Ғұн державасы басқа мемлекеттер үшін қаһарлы көрші болғаны тарихтан белгілі. Халықтың, тілдің тарихын білуге ниет еткен ұрпақ тарихтың көмескі тартқан соқпағынан-ақ өзіне керегін тауып алады. Ол дерек халықтың жер-су атауында, наным-сенімінде, аңыз-шежіресінде кездеседі. Ал жазба мәлімет, дерек түркі халқының V-VIII ғасырлардағы тас кітаптарында жатыр. Түркілер оларды «бітіг таш» деп атаған. «Бітіг» жазу дегенді білдіреді. Сонда бұл – тастағы жазу деген сөз.

Демек, ертедегі түркі халықтары өзіне тән алфавиттік жүйесі, емлесі бар жазуды V-VIII ғасырларда дүниеге әкелген. Олар «мыңжылдық түмен күндік (мәңгі) бітігімді, белгімді жасыл тасқа қашап түсірдім», - дегеніндей, өз кезеңінің даңқты батырларына, қолбасыларына арнап мәңгі ескерткіш қою арқылы тіліміздің де, тарихымыздың да бастауын жазып кеткен. Тіл ғылымында бұл «Орхон-Енисей ескерткіштері» деп аталады. өйткені бұлар Орхон және Енисей өзендерінің бойынан табылған. Талас, Іле өзендері аңғарынан табылғандары: «Күлтегін», «Тоныкөк», «Білге қаған» т.б. ескерткіштер. Ғылымда көп уақыт бұларды оқу мүмкіндігі болмады. Сол себепті оларды руна жазулары деп атады. *Рун* – құпия деген сөз. Осы ескерткіштерді оқудың кілті табылғанда, ең алдымен, оқылғаны – *тәңірі, түрік* сөздері. Ескерткіштегі сөздердің дені қазір де сол қалпында қолданылады. Мысалы: *тағ, таш*; қазақ тілінде *тау, тас*. Бұлардың қатарына *уч – үш, қара, төрт, қыш – қыс, ата, ана, көз, арқа, тай, ат, ер, алтун – алтын* сияқты толып жатқан сөзді қосуға болады. Осы сияқты дерек түркі тілдерінің негізі бір екенін дәлелдейді.

Қазақ тіліне тән ерекшелік. Қазақ тілі қыпшақ-ноғай тобына жатады. Оның басқа топтағы тілдерден мынадай айырмашылығы бар:

1) жалпытүркілік сөз соңындағы [ш] дыбысының орнына қазақ тілінде [с] дыбысы қолданылады: *таш-тас, қыш-қыс* т.б.;

2) [й] орнына сөз басында [ж] айтылады: *йел-жел, йер-жер* т.б.;

3) оғыз тілдеріндегі [г] орнына қазақ тіліндегі [к] қолданылады: *гел-кел, гүн-күн* т.б.;

4) көне түркілік сөз соңындағы *ғ/г* орнына қазақ тілінде [у], [и] айтылады: *тағ-тау, тег-би* т.б.;

5) қазақ тілінде үндестік заңы бойынша дауыстылардың жуан-жіңішке үндесуі тұрақты [2]. Осындай өзіне тән белгісі болғандықтан, қазақ тілі өз алдына жеке ұлт тілі болып қалыптасты. Қазақ тілінің бастауы – көне түркі тіл. Сондықтан қазақ тілі – түркілік ортақ белгіні бойына сақтаған қыпшақ тілінің заңды жалғасы. Қазақ тілінің сөздік құрамындағы

кірме сөздер негізінен 4 халықтың тілінен енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монғол тілі, 4) орыс тілі.

Қазақ тілінің монғол тілімен қарым-қатынасы. Қазақ тіліне монғол тілінен ауысқан сөздерден басқа олардың бірінен-бірі ауысты деуге келмейтін, екеуіне де ортақ тілдер жайында. Қазақ лексикасында монғол тіліндегі сөздермен түр-түрпаты, мағынасы ұқсас, үйлес сөздер, әсіресе зат есім, сын есім, етістіктер көп табылады. Мысалы, малға байланысты: *қой (қон), қойшы (қончын), төл (төл), бұқа (бұх), бура (буур), баран (бараан), дөнежін (дөнөжін), құнан (хұнан), құнажын (гунжын), тұсамыс*; шаруашылыққа байланысты: *алтын (алтан), темір (төмер), балта (балт), домбыра (домбор)*; туыстық атаулар: *ер (эр), төркін (төргем), абысын (авьсан)*; сын есімдер: *ала (алағ), қап-қара (хап-хар), күрең (херэн)* т.б. бұл сияқты сөздер тек қазақ тілінде емес, түркі тілінің көбіне тән, олар түркі тілдеріне монғол тілінен ауысты ма, әлде, керісінше, монғол тіліне түркі тілінен енді ме? Оны дәлелдейтін мәлімет тіл ғылымында жоқ [3, 143]. Сондықтан ондай сөздерді түркі (қазақ)-монғол тіліне ортақ сөздер деп атауға болады. Түркі-монғол тіліне ортақ сөздер бар екенін Ш.Уәлиханов та айтқан.

Қазақ тілінің араб-парсы тілдерімен қарым-қатынасы. Тұрақты сөз тіркесінде кездесетін «өркенің өсу» сөзі тіркесінің «өркен» деген сөздің шығу тегіне назар аударсақ, түсіндірме сөздіктегі мағынасы – басқа бас қосылу, үрім-бұтақты болу. «Рақмет, балалар, өркендерің өссін, мына шокаладты бөліп жеңдер», – деп тұман көз балаға ұсынды. (С.Шаймерденов «Өмір»). «Өркен» сөзінің алғашқы түбірі мен мағынасын монғол тобындағы тілдерден табамыз. Монғол тілінде: Үр – 1) тұқым, дән; 2) бала, сәби; ал бурят тілінде: урһ эе – тұқым дегенді білдіреді.

Түркі тілдерінен «тұқым, ұрық» мағыналарын беретін осы тұлғалас сөздер қырғыз, тува тілдерінде ұшырасады. Қырғызша: «урон», тува тілінде: «үрезин». Осы дерекке қарағанда, сөздің алғашқы тұлғасы мен мағынасы монғол, түркі тобындағы тілдерге ортақ болуы да мүмкін. Тіпті мағынасы мен дыбыстық құрамы сәйкес сөздер тұнғұс-манжұр тобындағы тілдерде кездеседі.

Араб-парсы тілінен ауысқан сөздер атқаратын қызметі жағынан өзара бірдей деуге болмайды. Бұларды төрт топқа бөліп қарауға болады [3, 138].

Байырғы төл сөздей жымдасып кеткен сөздер тұрақтанған сөздер)	Терминдік сипаты бар арнаулы сөздер (мамандықтың белгілі бір саласында жұмсалатын сөздер)	Әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стильдік реңк тудыратын сөздер	Әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер
<i>ас, бақыт, ар, дүние, шаруа, әл, дос, зат, қас, айна, дастарқан, астар, нан, шам, сабын, сынап т.б.</i>	<i>нарық, базар, байрақ, арзан, қарыз, борыш, зейнет, емтихан, сабақ, мұғалім, ғалым, мәлімет т.б.</i>	<i>махаббат, нұр, бісмілла, өмір, сапар, дерт, апат, шәкірт, ғаламат, халайық, тағдыр, тәубе, дидар т.б.</i>	<i>Уәзір, шаһар, мүкәммал, шайыр, сауал, хикмет, зәңгі, жыға, дәрке т.б.</i>

Орыс тіліндегі түркизмнің сипаты. Түркі тілдері мен славян тілдерінің бір-бірімен сөз алысып-берісуі – осы тілдерде сөйлейтін халықтардың жүздеген жыл бойына қоныстас, көршілес елдер болып, өмірдің әр қилы саласы бойынша сапалы қарым-қатынас жасап келуінің нәтижесі. М.Фасмердің авторлығымен жарық көрген орыс тілінің этимологиялық сөздігінде архаизм, историзм мен диалектизмді қоса алғандағы түркілік түбірдің жалпы саны 3000-нан асып жығылады. Мұның өзі – үлкен көрсеткіш.

Орыс тіліндегі түркизмнің мағыналық, құрылымдық сипаты әр түрлі. Ең алдымен семантикалық, яғни мағыналық жағынан қарастырсақ, жалпы кірме сөздердің қабылдаушы тілде кей жағдайда өзінің бастапқы мағынасынан ауытқу кездері ұшырасады, бұл қарастырып отырған нысанамызға да тән. Орыс тіліндегі түркі сөздерінің мағыналық тарылу сипаты басымырақ көрінеді. Мысалы: жалпы түркі тектес халықтар тіліне ортақ балық сөзі орыс тілінде «балық» формасында кездесіп, бірінші ұғымында атаулық мәні бастапқысынан да тарылып, *ірі кефель* секілді балық түрінің атауы ретінде көрініс береді. Ал екінші ұғымында лексика-семантика атаулы мәні бастапқысынан тарылып, «тұздалған балықтың жон арқасы» сипатында қолданылады. Тілдегі мұндай мысалды көптеп кездестіруге болады. Орыс тіліне енген *жүзім* (орысша – *изюм*) деген сөздің мағынасында да осындай өзгеріс болған. Бұл сөз түркі тілдерінде жалпы «жүзім» (немесе үзім) атаулыны білдірсе, қабылдаушы тілде тек «кептірілген жүзім» (сушеные ягоды винограда) дегенді білдіреді. Сол сияқты орыс тіліндегі кішірейту мәнді қосымша жалғанған күйінде кездесетін *тушканчик* сөзін айтуға болады. Мұндағы түбірдің түркілік «тышқан» сөзі екенін тану қиын емес. *Тушканчик* – сүтқоректілер класына жататын кемірушілер тұқымдасы, «қосаяқтың» орыс тіліндегі атауы. Орыс тіліндегі түркілік «*джигит*» сөзі осыған мысал бола алады. Бұл сөз қабылдаушы тілде өз қалпында жұмсалған жағдайда «молодеп» немесе осыған синонимдес бірқатар сөздің баламасы болар еді. Бұл қолданыс сөздікте «искусный наездник» деп түсіндірілген, яғни шабандоз мәнінде жұмсалады.

Қазақ тілінің орыс тілі лексикалық қабатына әсері. Макс Фасмер «Этимологический словарь русского языка» сөздігінде көптеген сөздің шығу тегі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде қазақ тілінен екенін байқатады. Қазақ тіліндегі «қарандаш» сөзін орыс тіліндегі «қарандаш» сөзінен шыққан дейді, оны М.Фасмер сөздігінде орынды атап көрсетілгеніндей: «қара»/ чёрный және «тас» /тас/ сөздерінің бірігуінен жасалғанын, қарандашты сыртқы ағаш қапсырмасын алып тастасақ, ішінде расында ұзын қара тас жатқанын ескермейді. /Ал күнделікті қолға ұстайтын «қалам» сөзінің Еуропа халықтары мәдениетінің қайнар көзі саналатын латын тілінде 6-8 ғасырда/«қаламус» түрінде орын алғанына да мән бермейді.

Сондай-ақ М.Фасмер сөздігінде дәлелденген «деньги» сөзі түркілік «теңге» сөзінен шыққанын ал оның ар жағында түркілерді бір кезде ақша орнына тиін терісін қолданғанын, кейін тері орнына «*тиынға – таңға, теңге*» деп аталған айналымдық белгі, монета шығарып, содан қазақ тілінде *тиын – копейка* сақталғанын ескеру керек [4]. Осы орайда, алдымен орыс, соңынан түркі сөзін келтіріп, тізсек: *алый – алқызыл, бакаля – бақал /ваккал – көкөніс сатушы, бақалшы/; барабан – дарабан, башлык – башлық/ басқа киетін киім/; башмақ – баспақ/ қазақта «ш» орнына «с» қолданылса, қазақтан басқа татар, башқұрт, шубаш, әзербайжан, өзбек, ұйғыр, монғол тілдерінің негізі бір болса да, әрқайсының жекелеген дыбыс өзгешелігі болатынын да есте сақтайық. Мысалы, *буран – боран, бугай – бұқа, караул – қарауыл /қарап тұрушы/, кобза – қобыз, ковер – киіз /кибиз/, колбаса – күлбасты /от шоғына, күліне қақтау/* т.б. екеніне қажет айғақты алуға болады [5].*

Тіл аралық қарым-қатынас тарихын тани келе, кірме сөздердің этимологиясын белгілі бір тілдік бірлікте жұмсалуын қарастыра отырып, тіліміздің кеңею жолдарын біліп, өзге тілдерге әсер етудегі орнын анықтай алдық.

Қорыта келгенде, тілімізге енген сөздердің этимологиясын, басқа тілдерге ауысқан түркілік сөздерді саралап, олардың белгілі бір тілдік бірліктегі қолданысын анықтай отырып, онда тілдердің арасындағы туыстық қарым-қатынасты ашу арқылы тіліміздің тарихын зерделенді. Тілдерде қалыптасқан ортақ лексика қорын тануға мүмкіндік алдық, ортақ лексика қорын тани отырып, стилдік қолданылу сипатын анықтадық.

Кірме сөздердің этимологиясын анықтау арқылы қазақ тілінде кездесетін басқа тілдің сөздерін саралап, оның орнығуын тілдік бірліктегі қолданысын зерттей отырып, сондай-ақ орыс тіліне енген қазақ сөздерінің бүгінгі қолданысын зерделеп, тілдерде қалыптасқан ортақ лексика қорын танытуға қадам жасадық. Тілдер арасындағы сөз ауысымы және байланысы мәселесін қарастыра отырып, қазақ тілінің лексикасы басқа тілдің сөздерімен қалай толығып

отырса, сол сияқты орыс тіліне де қазақ тілінен көптеген сөздің еніп отырғанын бүгінгі ұрпақтың білуі маңызды. Бұның бүгінгі жастардың тілімізге деген құрмет сезімін арттырары сөзсіз. Ол үшін арнайы қарапайым халықтың қабылдауына жеңіл түрде орыс тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен орыс тіліне енген сөздерді қамтыған электронды түрдегі сөздіктер шығарылса деген ұсыныс білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Баскаков Н.А. – М.: Прогресс, 1986. – 82 с.
2. Әмір Р., Атабаева М. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2005. - 14-15.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. 135, 167, 186, 138, 143-б.
4. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. 2, 4-том. – М.: Прогресс, 1967. – 480 с.
5. Рысбаев Ә. Қазақ және түркі тілдеріндегі ортақ лексика // ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы, 2003. №5. – Б. 194-195.

Баербекова Алия Ермуратовна

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 1-курс докторанты

*Ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., профессор Ж.Д.Рапишева*

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КОНЦЕПТ ҰҒЫМЫ

Когнитивтік лингвистика ғылымы ХХІ ғасырдың басындағы қоғамдағы жаһандану үрдісі кезеңінде дамыған, бірнеше ғылымдардың тоғысуынан пайда болған жаңа ғылымдардың бірі болып табылады.

Әр халықтың тілі – сол халықтың шынайы әрі бірегей этникалық болмысының көрінісі. Тіл арқылы халықтың мәдениетін, халықтың тарихын, салт-дәстүрін, мінезін, дінін, ділін, өзіндік танымын түсінеміз.

Бүгінгі күнге дейін тіл мен таным мәселелері философия, психология және лингвистика ғылымы аясында жеке-дара зерттелсе, бүгінгі күні тіл білімі ғылымында тіл мен танымды бірлікте қарастыру мәселесі кеңінен әрі жан-жақты дамып келеді. Ал танымдық ғылымның басты зерттеу нысанының бірі – концепт, яғни тірек мағына ұғымы.

Адам танымындағы ғаламның тілдік бейнесі табиғаты жағынан әр алуан болып келетін концептілердің көмегімен көрініс табады. Концептілер сөз арқылы таңбаланып, вербалданады. Сол себепті қазіргі таңда концепт ұғымы арқылы ғаламның тілдік бейнесін түсіндіру тіл білімінің өзекті мәселесі болып отыр.

Адам өзін қоршаған болмысты, әлемдегі сан қилы құбылыстар мен олардың сапа-қасиетін сезім мүшелері арқылы сіңіріп, санамен түйсініп қана қоймайды, оған жауап қайтарады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасап, өндейді, қорытады, өз ойын қосып, баға береді, оны әрі қарай тәжірибеде қолданады, нәтижесінде кез келген ұғымның тұтас бір көрінісі ретінде әлемнің, дүниенің тілдік көрінісі, бейнесі қалыптасады.

Когнитивтік лингвистиканың өкілдері (А.П.Бабушкин, Е.С.Кубрякова, И.А.Стернин, т.б.) концептіні оперативті сананың бірлігі ретінде түсіндіреді, ал концептіні бұлай түсіндірудегі ең бастысы оның тұтастығының көрсеткіші болып табылады. Лингвомәдени бағыттың өкілдері (Н.Д.Арутюнова, А.Вежбицкая, С.Г.Воркачев, В.И.Карасик, Д.С.Лихачев, Ю.С.Степанов, Л.О.Чернейко, т.б.) оны қалай болғанда да этносемантикалық дәрежеде белгіленген ментальды білім ретінде қарастырады.

Жалпы концептінің құрылымы өте күрделі болып келеді. Ғалым Е.С.Кубрякова «концепт» дегеніміз «оперативная содержательная единица памяти, ментального лексикона, концептуальной системы и языка мозга (lingua mentalis), всей картины мира, отраженной в